

Объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 119 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 14 мамырда № 3717 тіркелді. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 232 қаулысымен. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 03.08.2022 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 31.05.2019 № 232 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. 1-қосымшаға сәйкес уәкілетті органдармен келісілген, бекітілген жобалау құжаттамасы негізінде Қостанай қаласы аумағындағы объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуі белгіленсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес Қостанай қаласы аумағындағы объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 31.05.2019 № 232 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сактау  
министрлігі Мемлекеттік  
санитарлық-  
эпидемиологиялық  
қадағалау комитетінің  
Қостанай облысы бойынша  
департаменті"  
мемлекеттік мекемесінің  
директоры

Г. Естекбаев

"Қазақстан Республикасы жер  
ресурстарын басқару  
агенттігінің Қостанай  
және Солтүстік Қазақстан  
облыстары бойынша  
өнірараптық жер  
инспекциясы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

М. Дихаев

"Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды  
реттеу және қорғау  
жөніндегі Тобыл-Торғай  
бассейндік инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы

Г. Оспанбекова

"Қазақстан Республикасы  
Коршаган ортаны  
қорғау министрлігі  
Экологиялық реттеу және  
бакылау комитетінің  
Тобыл-Торғай экология  
департаменті" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

А. Дадин

Әкімдіктің

2010 жылғы 9 сәуір № 114  
қаулысына 1-қосымша

**Қостанай қаласы аумағындағы объектілердің  
құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің су  
қорғау аймағы мен белдеуі**

Су қорғау аймағы

№ рет бойынша	Су объектісі, оның телімі	шекараның ұзақтығы, ұзындығы (метр)	шекараның ұзақтығы, ауданы, (гектар)	шекараның ұзақтығы, ені (метр)
1	Тобыл өзені Қостанай қаласы Гашек көшесі 1 мекенжайы бойынша орналасқан "Шанғы базасы және жарықтандырылған шанғы трассасы" объектісінің құрылышына арналған телім (Су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші - "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі)	440	17,6	360-440
2	Тобыл өзені Қостанай қаласы Транспортная көшесі 51 мекенжайы бойынша орналасқан жеке тұрғын үй құрылышына арналған телім (Су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші-М.К. Жулдасов)	43	0,946	210-230

таблицаның жалғасы:

Су қорғау белдеуі	шекараның ауданы	орташа көп жылдық судың сабалық кемері (метр)
-------------------	---------------------	---

ұзақтығы, ұзындығы (метр)	(гаектар)	ені (метр)	
440	4,4	100	126,40
43	0,43	100	123,86

Әкімдіктің  
2010 жылғы 9 сәуір № 114  
қаулысына 2-қосымша

**Қостанай қаласы аумағындағы объектілердің құрылышына арналған телімдерде  
Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуінің шаруашылық пайдаланудың режимі  
мен ерекше жағдайлары**

**Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 31.05.2019 № 232 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. 2-қосымшага өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 30.04.2014 № 182 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылышжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылышжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылышжайларды салмай, ғимараттар мен құрылышжайларды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының 7-тармағымен және 145-1-бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участекерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қымтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участекерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және есімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 26.07.2021 № 339 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Су қорғау аймақтарының шегінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыш жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолактарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына көрі әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбекен пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндөу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 26.07.2021 № 339 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**